

## Мәртөк ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 4 мамырдағы № 175 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 мамырда № 5490 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 129 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 10.04.2018 № 129 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының б) тармақшасына, 27 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданының мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде:

елуден жүз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жүз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Тілегеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

